

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 1220 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 7 қарашадағы N 1059 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2007 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 1220 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 406-қосымшада :

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығын дамыту, оның халықаралық капитал нарықтарымен кірігуін қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының экономикасына инвестициялар тарту";

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағанындағы»"Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы" АҚ-ның жарғылық капиталын қалыптастыру" деген сөздерден кейін мынадай сөздермен толықтырылсын: "1) қор биржасының акцияларын сатып алу; 2) "Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының рейтингтік агенттігі" АҚ Ұлттық рейтинг агенттігін құру; 3) "Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының академиясы" АҚ қор нарығы институтын құру; 4) "Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы" АҚ-ның қаржы-шаруашылық қызметін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар; 5) ғимарат (о ф и с т і к ү й - ж а й) с а т ы п а л у .";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Тікелей нәтиже: Биржаны коммерциализациялау жөніндегі іс шараларды жүзеге асырғаннан кейін "Қазақстан қор биржасы" АҚ-ның акцияларын сатып алу, ағымдағы қор нарығы инфрақұрылымын жетілдіру арқылы бағалы қағаздар нарығын одан әрі дамыту үшін базалық алғышарт жасау,»"Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы" АҚ-ның тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

Соңғы нәтиже: Қазақстандағы бағалы қағаздар нарығын одан әрі дамыту, халықаралық капитал нарықтарымен кірігуі, Қазақстан Республикасының экономикасына инвестициялар тарту.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: биржаны басқару мен дамытуға қатысу; коммерциялық негізде сапалы бәсекеге қабілетті рейтинг қызметтерін ұсыну; коммерциялық негізде қор нарығының халықаралық деңгейге сай жоғары білікті мамандар даярлау жөнінде қызметтер көрсету.

Уақтылылық: іс-шараларды белгіленген кестелерге сәйкес уақтылы орындау.
Сапа: Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының инфрақұрылымын құру мен дамыту, жаңа қаржы құралдарының айналымы үшін негіз жасау."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК